

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

8 сынып Шынайы білімнің Нұры

ЖАРИЯЛАНДЫ
29.04.2021СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/95201/

Мусаханова Газиза

Құндылығы: Ақиқат**Қасиеттері:** Білім іздеу, жақсыдан жаманды ажырата білу, ойдың, сөздің және істің бірлігі.**Мақсаты:** Оқушыларға адам баласы шынайы білімге талаптанып өмір сүру қажет екенін түсіндіру арқылы, ақиқат құндылығының мәнін ашу.**Міндеттері:****Білімділік:** Оқушыларға өмір бойы білім іздеу қажеттігін түсіндіру.**Дамытушылық:** Оқушылардың жақсыдан жаманды ажырата білу қасиеттерін дамыту.**Тәрбиелік:** Оқушыларды ойдың, сөздің және істің бірлігінде өмір сүруге тәрбиелеу.**Үйге тапсырманы тексеру.**

1. №5 – сабақ. Ш. Уәлихановтың өмір жолы мен жасампаздығы туралы эссе жазу.
2. Келесі сабақ. №6, «Тапсырма» мәтінін оқып келу.

Сұрақтар:

1. Мұғалім балаларға жазғы демалысқа қандай тапсырма берді?
2. Қаныштың білімге деген құштарлығы қандай іс – әрекеттерінен көрінді?
3. Мұғалім Қаныштан неліктен риза болды?
4. Білімге ұмтылу не үшін қажет?
5. Қаныштың бойындағы қандай қасиеттерді өзіңе үлгі тұтасың?

Сабақтың дәйексөзі.

«... Біліміңді еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр!».

Қаныш Сәтбаев.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, шын есімі – Ғабдулғани

(12 сәуір 1899 жылы, Баянауыл ауданы, Павлодар облысы -31 қаңтар, 1964 жылы, Мәскеу) — геолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик.

Мұғалім сыйы.

Даналық дәндері

Бірде бозбала үш дән мен бір түйіншек тауып алады. Онда адам бір нәрсені білгісі келсе, оны тілеп, бір дәнді жесе, бәрі орындалады делінген екен. Дән тек үшеу болған соң, тілек те үшеу болады.

Бозбала географияны меңгергісі келеді. Онда бүкіл әлем туралы жазылған. Ол бір дәнді жегенде, өзін барлық жерде болғандай сезінді. Алайда көп нәрсе оған әлі детүсініксіз болды. Енді ол өткен ғасырлардың сырын білгісі келді. Екінші дәнді жейді, бірақ басқа ғылымдар беймәлім болады. Тағы нені ойласам, бәрін білер едім деп, ойланып кетті. Ол жартастың шетінде емен ағаштың астында, мұхиттың суына көп қарап отырды.

Толқынның шуы бозбалаға толассыз естілді, ол ешнәрсе туралы ойлай алмады. Нені ойласам екен деп қиналды. Математиканы ма? Ол барлық жерде қолданылады. Бәрін білу мүмкін емес. Кәсіпті ме? Музыканы ма? Не тілесем екен?

Бозбаланың көңіл-күйі болмай отырғанда, олтөбеден бір дыбыс естіп, жоғары қараса, ақ көгершін ағашқа қонып, бір айдай сұлуға айналады. Ал қыз болса:

— Еңбекті білуді тіле, сонда сен даналық дәндерін өзің өсіре аласың... Айтты да ғайып болды.

Бозбаланың жүрегі жадырай түсті. Ол қыз айтқанды тебіренетіледі. Үшінші дәнді жеп, еңбектің қуанышы не екенін түсінді! Еңбек оған кез-келген ғылымға жол ашты. Бозбала шаршауды білмей, білімді болғаны соншалықты, ол уақыттың қалай тез өтіп кеткенін байқамайтын болды. Ал сүйікті қызын көрген күн сондай ғажайып болды!

Сұрақтар:

1. Неліктен ару қыз бозбалаға еңбекті тілетті?
2. Еңбектің қуанышы дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Еңбекқор адамның бойында қандай құндылықтар мен қасиеттер болады?

4.Өз еңбектерің арқылы жетістікке жеткен кезде қандай күйге бөленесіңдер? Әңгімелеп беріңдер.

5.Әңгімеден қандай қорытынды жасауға болады?

Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс.

Оқушылар үш топқа бөлінеді.

1 - топ: «Талап»

2 - топ: «Білім»

3 - топ: «Ақыл»

Тапсырма: Нүктелердің орнын толтыр.

1. Жаманға айтқан ақылың —
Далаға атқан оқпен тең.
Талабы жоқ жас ұлың —
Жалыны жоқ ... тең.
2. Әуелі бойыңда талант болсын,
Талантыңа талабың ... болсын.
3. ... шыққан сөз — талаптыға болсын кез.
4. Талап — ..., Білім — сұңқар.
5. ... талап ұшырар, Құсты қанат ұшырар.
6. Талап ... да асырар.

Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс.

Оқушылар үш топқа бөлінеді.

1 - топ: «Талап»

2 - топ: «Білім»

3 - топ: «Ақыл»

Тапсырма: Нүктелердің орнын толтыр.

1. Жаманға айтқан ақылың —
Далаға атқан оқпен тең.
Талабы жоқ жас ұлың —
Жалыны жоқ ... тең. (шоқпен)
2. Әуелі бойыңда талант болсын,
Талантыңа талабың ... болсын. (қанат)

3. ... шыққан сөз — талаптыға болсын кез. (білімдіден)
4. Талап — ...,
Білім — сұңқар. (тұлпар)
5. ... талап ұшырар,
Құсты қанат ұшырар. (ерді)
6. 6. Талап ... да асырар. (таудан)

Топпен ән айту.

Ұстазым менің ұстазым

Өлеңін жазған Аманжол Шамкенов

Әнін жазған Әбілахат Еспаев

Тұлғаңды арманыма ұқсатқанмын
Үлгіңді көңіліме қыстатқанмын
Есімде, әліппені жаттатқызып
Ең алғаш қолға қалам ұстатқаның

Ұстазым, менің ұстазым
Өзіңмен өткен қыс-жазым
Қалдырған ізің мәңгілік
Жадымда тұрар жаңғырып
Ұстазым, менің ұстазым

Зердемді сен ашпасаң не етер едім
Өмірден сыбағасыз өтер едім
Ғажайып дүниенің сырын жайын
Қияға қызықтырып жетеледің

Ұстазым, менің ұстазым
Өзіңмен өткен қыс-жазым
Қалдырған ізің мәңгілік
Жадымда тұрар жаңғырып
Ұстазым, менің ұстазым

Өзіңнен өмірге азық ала бердім
Ұшырып мені алысқа қала бердің
Бойымда отың кетті ұшқын атқан
Келеді жана бергім, жана бергім

Ұстазым, менің ұстазым
Өзіңмен өткен қыс-жазым

Қалдырған ізің мәңгілік
Жадымда тұрар жаңғырып

Ұстазым менің ұстазым.

Үй тапсырмасы.

1. №5 – сабақ. Аса көрнекті ғалым, академик Қ.Сәтпаев өмір жолы туралы эссе жазу.
2. Келесі сабақ. №6, «Хаттар» мәтінін оқып келу.

Сабақтың қорытынды сәті.

Тыныс алуға зейін қою.

Баяу музыка қойылады.

Мұғалім: Сіздерден аяқ-қолыңызды айқастырмай, түзу отыруыңызды өтінемін. Біз қазір тыныс алу жаттығуын жасаймыз. Тыныс алуға зейін қойған кезде, біздің ақылымыз дем алады. Ауаны ішке жұту кезінде тыныштық пен қуаныш қабылдаймыз. Демді сыртқа шығарған кезде өзіміздегі мазасыздықтарды сыртқа шығарамыз.

Кәне, дайындалайық, балалар. Көзімізді жұмамыз..., арқамызды тіктейміз..., қолдарыңды тізеге қоюға болады...

Д е м а л..... ш ы ғ а р... (жаймен 9-10 рет) немесе 1.....2 [3].

Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді есімізге түсіріп, жүрегімізге сақтайық.
Рахмет!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.